



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

08.08.2023 № 3 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 8 тамыздағы  
қаулысы

«Бас бостандығынан айыру  
орындарынан босап шыққан адамдар  
арасындағы құқық бұзушылықтар мен  
қылмыстардың, жазаға және  
қылмыстық-құқықтық сипаттағы  
өзге де шараларға қоғамнан оқшауланбай  
сottалған адамдар арасында қайта қылмыс  
жасаушылықтың алдын алу.  
Бұл адамдарды жұмыс орындарымен  
қамтамасыз ету»

Бланк сериялық номеріз жарнамыз  
Бланк без серийного номера не действителен

Үәкілетті мемлекеттік органдардың «Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, жазаға және қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шараларға қоғамнан оқшауланбай сottалған адамдар арасында қайта қылмыс жасаушылықтың алдын алу. Бұл адамдарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету» ақпаратын тыңдалған және талқылап, Астана қаласы мәслихатының зандылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мыналарды атап өтеді.

Құқық қорғау органдары бүрын сottалған адамдардың құқық бұзушылық жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған белгілі бір жұмысты жүзеге асырады.

Қайта әлеуметтендіру мақсатында сottалғандарға есепке қою кезінде олардың әлеуметтік-құқықтық көмек алу (білім алу, кәсіп игеру, жұмысқа орналасу, емделу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, мамандандырылған бейімдеу орталықтарына орналасу түріндегі), сottалғандарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібі түсіндіріледі.

Сottалғандардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу жөніндегі жұмысқа жеке инвесторлар мен үкіметтік емес ұйымдар тартылады.

Пробация қызметтерінің есебінде тұрған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарды олардың тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгіленеді. Бас бостандығынан айыру

орындарынан босап шыққан адамдарға 15 АЕК - 51 750 теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек, атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі және «Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды әлеуметтік оңалту жөніндегі қызмет» әлеуметтік қызметі іске асырылады.

Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ жұмыссыздарды кәсіптік даярлауга, қайта даярлауга және біліктілігін арттыруға жібереді.

Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды қайта әлеуметтендіруде жүйелі проблемалар бар.

Ағымдағы жылдың басынан алынбаған және өтелмеген соттылығы бар адамдар 522 қылмыс жасаған, оның ішінде 250 адам пробация қызметінде есепте тұрған: 61 адам қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалау шараларына сотталған; 19 қылмысты бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар жасаған және 3 қылмысты оларға қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген адамдар жасаған.

Бұрын сотталған адамдардың зорлық-зомбылық, кісі өлтіру, зорлау, денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмыстарын жасауы кездеседі.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жұмсақ жазамен ауыстыру сиякты көтермелей шараларын қолдану жүйесі де айқын емес болып табылады.

Жұмыс берушілерді бұрын сотталғандарды жұмысқа қабылдауға ынталандыру жүйесі дамымаған.

Бұрын сотталған адамдарда жұмысшы мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуға кедергі келтіретін созылмалы аурулардың болуы маңызды проблема болып табылады.

Олар сондай-ақ, туыстары тарапынан қолдаудың жоқтығына, әлеуметтік стигматизацияға және жұмыс берушілердің жұмысқа қабылдаудан бас тартуы мәселелеріне тап болады.

Тұрақты жұмыс орны, белгілі бір тұрғылықты жері болмағандықтан, олар білікті медициналық көмекке, зертханалық зерттеулерге және дәрігер мамандарының кеңестеріне қол жеткізе алмайды.

Бұрын сотталған адамдардың ресми жұмысқа орналасуына олардың ауыртпалықтары мен атқару парактарының болуы кедергі кслтіреді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының зандылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Уәкілетті мемлекеттік органдардың «Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, жазаға және қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шараларға қоғамнан оқшауланбай сотталған адамдар арасында қайта қылмыс жасаушылықтың алдын алу. Бұл адамдарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету» ақпараты назарға алынын.

**2. Астана қаласының әкімдігіне (Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары):**

Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындастын органдар мен мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі консультативтік-кеңесші орган жұмысының тәсілдерін қайта қарау;

жұмыс берушілерді бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа қабылдауға ынталандыру жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу;

Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметін материалдық-техникалық жарактандыру үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлу мүмкіндігін зерделеу;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес сотталған адамдарды қоғамдық жұмыстарға тікелей тарту жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жауапты мемлекеттік органды айқындау;

мынадай мәселелер бойынша мемлекеттік мекеме, мамандандырылған ұйым құру жөніндегі мәселені зерделеу:

сот шешімімен қоғамдық жұмыстар тағайындалған адамдарды қадағалау;

әкімшілік-полициялық қадағалауды жүзеге асыру және әлеуметтік сала мәселелерін шешу;

сотталған адамдар үшін әлеуметтік қонақүйлер ашу мәселесін зерделеу ұсынылсын.

**3. Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне:**

2023 жылдың басынан сот бастандығын шектеуге үкім шығарған сотталғандардың есебіне талдау ұсыну;

Астана қаласының Әділет департаментімен бірлесіп қарыздар мен міндеттемелер бойынша тығырыққа тірелген адамдар үшін банкроттық рәсімін жүргізу;

қайталама қылмыстардың алдын алу жөніндегі 2023 жылға арналған кешенді жоспарды одан әрі толық көлемде іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

сотталғандардың қылмыстық жазаларды орындаудын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшету және әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдемдесу;

жазасын өтеп жатқан адамдарды сұраныска ие мамандықтар бойынша кәсіптік оқытуды ұйымдастыру мәселесін пысықтау және шешу ұсынылсын.

**4. Астана қаласының Полиция департаментіне:**

2023 жылдың басынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған сотталғандардың есебіне талдау жасау;

түрғылықты жері бойынша тіркелу үшін сотталғандарға құжаттарды қалпына келтіруге жәрдем көрсету;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Астана қаласындағы төлемге ұқсас, барлық өнірлерде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға біржолғы әлеуметтік көмек енгізу туралы хатқа бастамашылық жасау;

жазаның неғұрлым жеңіл түрлеріне ауыстыру немесе жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған сотталғандардың қайтала мақсатында көтермелей шараларын қолдану жүйесін қайта қарау;

сотталғандарға құқықтық көмек көрсету және бақылау үшін полиция департаментінің жанынан жеке бөлімше құру мәселесін пысықтау;

қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізу, олардың құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ:

Астана қаласы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен және терроризмге қарсы комиссиясымен жұмыс жөніндегі бөлімімен, Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментімен, Астана қаласы Полиция департаментімен бірлесіп екі апта мерзімде қажетті қаржыландыру мен нақты ұсыныстарды ескере отырып, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтендіру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеу;

сотталған адамдарды жұмысқа орналастыруға көмек көрсету бойынша жұмысқа үкіметтік емес ұйымдарды тарту;

соттан тыс банкроттықтан өткен сотталғандарды жұмысқа орналастыру үшін шаралар қабылдау;

Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментімен бірлесіп сотталған адамдар жазасын өтеп жатқан мекемелерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіптік оқытуды ұйымдастыру мәселесін пысықтау және шешу ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ:

«Қақпадағы кездесу» әлеуметтік жобасы шенберінде бұрын сотталған адамдарды толық медициналық көмекпен, оның ішінде елордалық денсаулық сақтау мекемелерінің базасында оңалтумен қамтамасыз етуді жалғастыру ұсынылсын.

7. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа белгіленген мерзімде ұсынсын.

8. Келесі отырыс қоғамдық бірлестіктерді, үкіметтік емес ұйымдарды, медиация қызметтерін, «Астана-Зеленстрой» ЖШС, «Астана Тазалық» ЖШС шақыра отырып, ағымдағы жылдың төртінші токсанында өткізілсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
зандылық, құқық тәртібі және  
жүртшылықпен жұмыс мәселелері  
жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**А. Айтхожин**